ОҚУ ОРДАСЫНДА ІЗІ ҚАЛҒАН ҒАЛЫМ

Нағбду Қамарова,
Yessenov University профессоры, ҚР Журналистер Одағының мүшесі

Есенов университетінің құрылғанына биыл 50 жыл толады. Осы білім мен ғылым ордасында еңбек еткен белгілі тұлғалардың бірі – Біржан Сәрсенбекұлы.

Yessenov Universitydің қалыптасып, дамуына зор үлес қосқан, ұзақ жылдар университететте басшылық қызметтерін атқарған ол кісінің бойында адами қасиеттермен бірге басшыға тән ұйымдастырушылық, ғалымға тән біліктілік бар. Білім саласының басшысы қашанда әділдіктің, қарапайымдылықтың имиджі болып келетіні бесенеден белгілі. Тиянақтылық, жауапкершілік, ұқыптылық сияқты қасиеттер – Біржан Сәрсенбекұлының өмірлік ұстанымдары. Үлкен жауапкершілікті жүктейтін қызметтерді абыроймен атқарған ол кісінің бойындағы адамгершілік қасиеттер тумысынан берілген. Бұл кісіден біздің үйренгеніміз көп. Елге сіңірген еңбегі ерекше Біржан Сәрсенбекұлын университетіміз ерекше құрметпен атайды.

Біржан Сәрсенбекұлы Сәуірбаев 1958 жылы желтоқсан айының 21 жұлдызында дүниеге келді. 1985 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің механика және қолданбалы механика факультетін бітірген. Университетті бітіргеннен кейін Республикалық робототехника жөніндегі ғылыми-әдістемелік орталықта инженер, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті қолданбалы механика кафедрасында машықтанушы-зерттеуші болып қызмет істеді. 1988-1991 жылдары аспирантурада оқып, техника ғылымдарының кандидаты ғылыми диссертацияны қорғап шықты. 1991 жылдан 1994 жылға дейін Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясы Механика және машинатану институтының механизмдер анализі мен синтезі зертханасында қызмет жасап, кіші ғылыми қызметкерден аға ғылыми қызметкерге дейінгі жолдан өтті.

1994 жылдан бастап Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінде ғылыми-педагогикалық қызметпен айналысады, кафедра оқытушысы лауазымынан бастаған ол университеттің ғылым және халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры болып абыройлы еңбек етті. 1998 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының механика және машинатану институтында докторлық диссертация қорғады.

2001-2015 жылдары Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінде ғылым және халықаралық

ынтымақтастық жөніндегі проректор, 2015 жылдан қазіргі уақытқа дейін «Қазтрансойл» АҚ оқу орталығының директоры, Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының жетекші инженері болды.

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті механика және қолданбалы математика факультеті түлегінің бүкіл еңбек жолы ғылым мен білім беру ісіне арналып келеді. Аса көрнекті механик-ғалым, қоғам қайраткері академик Ө.А.Жолдасбековтің жетекшілігімен жоғары класты кеңістіктік механизмдер мен манипуляциялық құрылғылардың анализі мен синтезі бойынша ғылыми зерттеулер жүргізді. Жоғары класты тегіс механизмдердің ақауларын жою мақсатында жоғары класты кеңістіктік рычакты және бірнеше дәрежелі еркіндікті механизмдер (ПМВК) теориясын жасаудың жаңа іргелі-ғылыми бағытын қалыптастырды.

Б.С.Сәуірбаев жоғары класты кеңістіктік топтар мен механизмдердің құрылымдық синтезі мен анализінің, координаттардың екі кеңістіктік жылжымалы жүйесінің қозғалысы координациясы бойынша есептерді бинарлық звенолардың – сызықтық итерация әдісінің, сондай-ақ бірінші және екінші қатардағы градиенттік әдістің көмегімен шығарудың әдістемесін жасақтады. Жоғары класты кеңістіктік механизмдердің құрылымдық модульдері болып табылатын атқарушы және түйіндеуші кинематикалық тізбектің анализі мен синтезінің алгоритмдерін, кіріс және шығыс звенолары қозғалысының берілген заңдары амалдары бойынша тиімді әдістерді қолдану арқылы жоғары класты орын ауыстырушы, бағыттаушы және берілісті кеңістіктік механизмдер синтезінің жинақтаушы алгоритмдерін жасақтады. Жоғары класты кеңістіктік механизмдер анализі мен синтезінің алгоритмдер кешені мен қолданбалы бағдарламалары пакеті жасақталды.

Жасақталған жоғары класты кеңістіктік механизмдердің анализі мен синтезі әдістері дүниежүзілік тәжірибеде аналогы жоқ және КСРО-да шығаруға 8 зияткерлік куәлік пен Қазақстан Республикасының 2 патентімен қорғалған мүлдем жаңа тегіс және кеңістіктік манипуляциялық, жүкұстамдық және берілісті құрылғыларды жобалауға мүмкіндік берді.

Ғылым мен техниканы дамытуға қосқан аса зор үлесі үшін В.Г.Шухов атындағы Халықаралық және Ресей инженерлер одағының күміс медалімен марапатталды (2008 ж).

Ол Қазақстан Республикасындағы механизмдер мен машиналар теориясы саласындағы жетекші ғалымдардың бірі ретінде ғылымға өлшеусіз үлес қосып келеді. Оның ғылыми еңбектерінің библиографиясы 80 атаудан тұрады, оның

ішінде 2 монография, 4 оқу құралы, 15 әдістемелік талдамалар мен нұсқаулықтар бар.

Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы қол жеткен табыстары үшін «Қазақстан Республикасының Құрметті білім қызметкері» (2001 ж.) және «Қазақстан Республикасы ғылымын дамытудағы еңбегі үшін» (2006 ж.), «Академик Ө.А.Жолдасбеков» (2007ж.), Алтыншы Халықаралық Н.К.Надиров оқуларының лауреаты (2008ж.) белгілерімен және Маңғыстау облысының қалыптасуына және дамуына қосқан үлесі үшін «Маңғыстау облысына 35 жыл» (2008 ж.) мерекелік медалімен марапатталды. Жыл адамы номинациясы бойынша «Жыл ғалымы» (2008 ж.).

Ұзақ жылдар оқу ордасының өркендеуіне Біржан Сәрсенбекұлының жаңа іс бастаудағы алғырлығы, ізденімпаздығы және энциклопедиялық терең білімділігі мен біліктілігі, іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің ерекшелігі үлкен роль атқарды. Жұмыс барасында түсінбеген нәрселерімізді Біржан әріптесімізден сұрайтынбыз. Ол кісі еш қабақ шытпастан бәрін ықыласпен түсіндіретін. Білімінің молдығынан білім, ғылым саласындағы комиссиялардың төрағалығына еркін сайланатын. Әріптестері мен білім алушылар арасында өте сыйлы Бәкең ешқашан көкірегін кермейтін. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген ұстаныммен жүретін ол кісі қашанда абырой биігінде.

Өмірілік серігі Түркменбаева Бибігүл Жапарқызы да ғылым докторы, профессор, ұзақ жылдар Yessenov University-де абыройлы қызмет етті. Ғалымдар обасында өскен ұл-қыздар үлкен өмірден өз жолдарын тапқан, өз ісінің білікті мамандарына айналды. Ұлағат иесінің әлі де елге берері көп. Біржан Сәрсенбекұлы мен Бибігүл Жапарқызына ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық тілей отырып, әлі де білім мен ғылым саласына қосар үлестері молайып, өз тұғырларынан түспей, белестерді бағындыра беретіндеріне сеніміміз мол.